

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
ШЫМКЕНТ ҚАЛАСЫНЫҢ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫ
Ә.Қастеев атындағы өнер және дизайн колледжі

КЕЛІСІЛГЕН

Қазақстан Республикасының
суретшілер одағының Түркістан облысы
филиал төрағасы



БЕКІТЕМІН
Колледж директоры
А.А. Айдарбеков
" 31 " 08 2021 ж

Оқу жұмыс бағдарламасы

Кәсіптік модуль: КСМ 0.1. Экспрессивті графикалық құралдарды қолдана отырып, суреттегі көркем сауаттылықты меңгеру.

- (пән)атауы: ОН 1.1. Сурет бойынша жұмыстың әдістері мен реттілігін меңгеру.
ОН 1.2. Пішіндерді конструктивті құру және модельдеу әдістерін қолдану.
ОН 1.3. Графикалық құралдарды қолдана отырып сурет салу.

Мамандық: 02130100 – Кескіндеу, мүсін және графика (түрлері бойынша)
(коды және атауы)

Біліктілік: 4S02130101 – Суретші
(коды және атауы)

ҚР Білім және ғылым министрлігінің 2017ж 31.10 №553 бұйрығымен бекітілген үлгілік оқу жоспары негізінде жазылған

Оқыту нысаны: күндізгі негізгі орта білім базасында

Жалпы кредит саны: 15.кредит. (360 сағат)

Әзірлеуші (-лер): Бөрібаев Т.С.
Тастанбеков А.А.
Байназаров Н.С.
Тіленші А.Р.
Қансейт Қ.Л.,

«Сурет және кескіндеме» мәжіліс отырысында
мақұлданды 2021 ж. " 31 " 08 № 1 хаттама

Кафедра меңгерушісі Тастанбеков А.А.
(қолы) Т.А.Ә.

Шымкент -2021ж.

Түсіндірме жазба

«КМ 1.1. Экспрессивті графикалық құралдарды қолдана отырып, суреттегі көркем сауаттылықты меңгеру бойынша жұмыстың әдістері мен реттілігін меңгеру» пәнінен жұмыс оқу бағдарламасы ҚР Мемлекеттік жалпыға міндетті техникалық және кәсіптік білім берудің стандартына сәйкес 02130100 - "Кескіндеме, мүсіндеу және графика (түрлері бойынша)" мамандығы бойынша үлгілік оқу жоспарлары және білім беретін оқу бағдарламаларының жинағына сәйкес жасалынған (ҚР БЖҒМ 31.09.2017 ж. № 553 бұйрығымен бекітілген).

Пәннің негізгі мақсаты:

- білім алушыларды академиялық суретке үйрету, тәжірибелік дағдылары мен білімдерін пайдаланып, «қарапайымнан күрделіге өту» принципі бойынша қарапайым заттан күрделі адам тұлғасына өту.

Оқу пәнінің міндеттері:

- оқытудың басты сатысында форматтың композициялық шешімі, сызықтық-перспектива заңдарын ескере отырып, затты кеңістікте құрастыру, формалардың сипаттарын, заттардың құрылымын, пропорционалдық қатынастарды зерттеу, көлемді талдау және оны көрсете білу, өндік талдау арқылы заттардың материалдылығы,
- негізгіні қосалқыдан бөлу, натураны толық көру, қоршаған ортамен байланысы, модельдің жеке ерекшеліктерін беру.

Оқу бағдарламасы төменгі принциптерден құрылады:

- ғылымилығы, жүйелілігі, реттілігі, қарапайымнан күрделіге өту;
- білім алушылардың жас ерекшеліктерін есепке ала отырып тақырыпты тапсырмаларды, жаттығуларды таңдау,
- күнделікті көрнекі құралдарды пайдалану;
- білім алушыларды жоғарғы сатылы білім алуға дайындау.

Сурет – бейнелеу өнерінің негізгі түрі. Бағдарлама қарапайымнан күрделіге ауысу принципінен құрылған. Сағат санының бөлінуі білім алушылардың оқыған жылдарда меңгерген сурет негізіне ерік береді, орта буын маманы үшін қарапайым қойылымнан қарапайым геометриялық фигура, жәй тұрмыстық заттар, грек капители, деңгейлерін көтеру мақсатына күрделіге ауысады – адам тұлғасы.

Қарапайым заттардан, мысалы геометриялық денелерді салып, суреттің негізгі заңдылықтарын меңгергенде бағдарламада бірте-бірте, формасы мен құрылымы жағынан өте күрделі, натураны салуға ауысады. Құрылым кезінде немесе затты құрастырғанда оның орналасу байланысы және оның бөліктерінің байланысы ескеріледі.

«Құрастыру» түсінігі барлық бар заттарға қолданылады, табиғаттың немесе адамның құрған тұрмыстық қарапайым заттан бастап органикалық дүниенің күрделі формаларымен аяқталады. Геометриялық және тұрмыстық заттардың формасын оқып үйренгенде білім алушыларға капитель, симметрияны, капительдің бөліктерінің пропорционалдық қатынасын, құрылымның үйлесімділігі мен бірлігін оқып үйренуге көмектеседі.

Ионикалық капительді салғанда алғашқы оқытудың қорытындысын шығарады. Сурет натура туралы, оның формасы, пластикасы, пропорциясы және құрылымы туралы толық мағлұмат беруге мүмкіндік береді. Ол ең алдымен суретші шығармасында танымдық кезең ретінде қаралады. Сурет базасын меңгергеннен кейін білім алушылар ең күрделісі – адамның тұлғасын жасауға кіріседі.

«Сурет» курсы орта буын маманы үшін адам басының сүйектік негізін бас сүйекті зерттеуден басталады. Содан кейін бағдарлама бойынша білім алушылар Давидтің бет бөліктерінің суретін салулары және Гудонның гипстік басының экоршесін жасауы тиіс. Бұл бастың құрылысы мен бұлшық ет негіздерін түсіну мүмкіндік береді. Тірі модель басының суреті едәуір терең білім мен тәжірибені қажет етеді. Білім алушылардың назары форма мен құрылымға, жалпыдан бастап жекелікке жүйелілікпен өтудегі қатынастармен жұмыс істеуге аударылады. Форманы модельдеуде дұрыс жарық пен көлеңке болуы тиіс, материалдылығын бере білу керек.

Басын салып болғаннан кейін білім алушылар адам денесінің құрылымын зерттеуге көшеді. Алдымен сүйектік негізден – қаңқадан бастап, содан кейін дене мүшелеріне: қол, аяқ, саусақтар, табан және т.б. гудон экоршесі суретіне көп көңіл бөлінеді. Адам денесінің сүйек –

бұлшық ет негіздерін, пластикасын зерттеуге басты назар аударылады. Білім алушылардан модельді толық конструктивтік талдау жасау талап етіледі.

Оқыту барысында тірі модель: ер және әйел адамның денесінің (жалаңаш және киім киген модель) зерделенеді. Тірі модель сурет салудың ең күрделі объектісі болып табылады. Мұнда академиялық суреттің барлық ережелері мен әдістері біріктіріледі және жетілдіріледі. Сондықтан да бұл жұмыс сурет бағдарламасының аяқтаушы сатысы болып табылады. Адам денесінің суретін салу анатомияны зерттеуді, конструкцияны қалыптастыру заңдарын, сызықтық перспективаны, дене мүшелерінің пропорционалдық қатынасын білуді қарастырады.

Пластикалық анатомия пәні адам денесінің пішіні мен құрылымын, оның әр түрлі қозғалыстағы немесе еркін тұрған қалпын, өзара үйлесімділігін, сонымен қатар жынысы мен жасына қарай өтетін заңдылықтарды үйретеді. Адам пішінін әр түрлі қырынан бейнелеу ежелгі заманнан бері суретшінің шеберлігін көрсетеді, өз ойын географиялық тілмен қағаз бетінде бере білу бүгінгі дейін өз маңызын жойған жоқ. Адам денесінің әр түрлі қимылдары сыртқы пішіннің түрлі өзгерісіне әкеледі. Қозғалысты бейнелеу-пішін өзгертудегі үздіксіз күрделі процесс. Пластикалық анатомия мен суретті салу әдістері суретшіге пішінді көзбен көріп қана қоймай суретті қажетті деңгейіне жеткізеді. Пластикалық анатомия курсы оқыту суретші даңындауда міндетті курс болып табылады. Мақсаты мен міндеті:

- Дененің анатомиялық құрылымымен танысу (адам қанқасы, бұлшық еттері)
- Сыртқы дене пішінінің бір қалыпты жағдайдағы, қозғалыстағы кезін талқылау, анықтау.
- пропорция немесе адам дене бөліктерінің қарым-қатынасы туралы оқып-үйрену.
- қанқа негізінде құрастыру және бұлшық еттерді талдау, суретті қисынды қорытындыға жеткізу.
- теориялық оқу және оны практикада қолдау, кенең, сатылы түрде жоспарлау.

Пән/модуль сипаттамасы

Сурет салудың қыр сырын конструкциялы құрылысын пропорциясын жарық көлеңкесін ұқсатуды меңгереді.

Қалыптастырылатын күзiреттiлiк

- бiлiм алушының коммуникативтiк күзiреттiлiгiн қалыптастырады;
- өз ойын ауызша және тәжірибе түрде жеткізе біледі,
- сыни ойлайды;
- топта жұмыс жасайды;
- әртүрлі деректерден алынған ақпараттарды пайдалану дағдысы қалыптасады.

Постреквизиттер

Сурет, Пластикалық анатомия, мамандыққа кіріспе, Үйлестіру, Түс теориясы, Техника және технология

Пререквизиттер

Мектептік бағдарлама көлеміндегі Көркем еңбек,
Сурет, Сызу пәндерден алған білім негізі

Оқытуға қажетті құралдар, жабдықтар

1. Джованни Чиварди, Рисунок. Пластическая анатомия человеческого тела. М. Эксмо, 2005
2. Том Флинт, Анатомия для художников. Фигура человека в движении. М. Аст-Астрель, 2004.
3. Джин Френкс. Рисунок карандашом. М. Аст-Астрель, 2005.
4. Дербес компьютер, ноутбук, смартфон
5. Бейнефильмдер, аудиожазбалар.
6. Н. Ким, Основы рисунка. М. Аст-Астрель, 2007.
7. Д. Баш, наброски и зарисовки М. Попурри, 2002.
8. Әдістемелік көрнекі құралдар, иллюстрациялар.

Оқытушының байланыс ақпараты

Ф.И.О.

Тел.

Семестр бойынша сағаттарды бөлу

Пән/модульдің коды және атауы	Модульдегі барлық сағат саны	Соның ішінде								Барлығы	
		1 курс		2 курс		3 курс		4 курс			
		1 семестр	2 семестр	3 семестр	4 семестр	5 семестр	6 семестр	7 семестр	8 семестр		
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10		
КМ 1. 1.Экспрессивті графикалық құралдарды қолдана отырып, суреттегі көркем сауаттылықты меңгеру											
ОН 1.1. Сурет бойынша жұмыстың әдістері мен реттілігін меңгеру.			48	24							
ОН 1.2. Пішіндерді конструктивті құру және модельдеу әдістерін қолдану.				48	96						
ОН 1.3 Графикалық құралдарды қолдана отырып сурет салу.					144						
Барлығы:			48	72	240						360

Оқу жұмыс бағдарламасының мазмұны

№	Оқыту нәтижелері	Бағалау өлшемдері	Тақырыптар	Барлық сағаттар	Мерзімі	Оның ішінде			Сабақ түрі	Бағалау тапсырмалары
						Теориялық	Зертханалық практикалық	Өндірістік оқыту / кәсіптік практика		
1-курс 2 семестр										
		Сурет	1 бөлім Қарапайым геометриялық денелерге сурет салу.	Берілгені 48 сағат						
1	ОН 1.1. Сурет бойынша жұмыстың әдістері мен реттілігін меңгеру.	Мақсаты: Жалпы сызықтық сурет перспектива туралы қарапайым түсінік. Қарапайым геометриялық денелердің нобайы мен суреттемелерін салуға түсінік, Куб, цилиндрді мысалға ала отырып ең оңай сызықтар перспективасын үйрену, Наброскалар сала білу.	1.1 -тақырып. Сурет туралы кіріспе әңгіме.	2		2			Теориялық	
2		Мақсаты: 3-5 минут аралығында геометриялық фигуралық (тез) лездеме наброскаларын жылдам сала білу, үйрену, геометриялық фигураларды өлшеусіз салып көз бен қолды үйрету, жаттығу, Керекті құрал жабдықтар. Қағаз А3. А4. ватман, В3. В5. В7. жұмсақ қалам, өшіргіш, гельді ручка, резак, 40-50 планшет. т.б. Тәжірибелік сабақ:	1.2 –тақырып. 2-3 заттан құралған натюрморттың нобайларын салу. НОБАЙЛАР.	14					Тәжірибелік	
3		Мақсаты: 3-5 минут аралығында геометриялық фигуралық лездеме наброскаларын жылдам салып үйрену, геометриялық	1.3 -тақырып. Перспектива туралы мәлімет.	16					Тәжірибелік	

	<p>фигураларды өлшеусіз салып көз бен қолды үйрету, жаттығу, Керекті құрал жабдықтар. Қағаз А3.А4. ватман, В3. В5. В7. жұмсақ сызатын қалам, өшіргіш, гельді ручка, резак, 40-50 планшет. т.б. Тәжірибелік сабақ:</p>	<p>Қарапайым геометриялық фигуралар; пирамида, алты бұрышты призма конус. НОБАЙЛАРЫ.</p>								
4	<p>Мақсаты: 3-5 минут аралығында геометриялық фигуралық лездеме наброскаларын жылдам салып үйрену, геометриялық фигураларды өлшеусіз салып көз бен қолды үйрету, жаттығу, Керекті құрал жабдықтар. Қағаз А3. ватман, В3. В5. В7. жұмсақ сызатын қалам, өшіргіш, гельді ручка, резак, 40-50 планшет. т.б. Тәжірибелік сабақ:</p>	<p>1.4 -тақырып. Натурадан алынған гипстік моделдің нобайлары. Биік бедерде қатпары жоқ мата фонында күрделі өсімдік ою-өрнектерінің НОБАЙЛАРЫ мен СУРЕТТЕМЕЛЕРІ</p>	16					Тәжірибелік		
2-курс 3-семестр										
5	<p>Сурет</p>	<p>2 -бөлім. Қарапайым натюрморт суреті. Қарапайым тұрмыстық заттардан жасалған натюрморттар. Гипстік көшірме бедер. Қатпарлы матамен жұмыс.</p>	<p>Берілгені 24 сағат</p>							
6	<p>Мақсаты: Композициялық шешім, қарапайым геометриялық денелердің конструкциялық сызықты суреті, форманы іздеу, қарапайым сызықтық перспективасын пропорциясын өлшеп сала білу. Керекті құрал жабдықтар. Қағаз А3. ватман, В3. В5. В7. жұмсақ</p>	<p>1.5 -тақырып. Заттарды материалы бойынша қарама-қарсы және өңіне байланысты құрылған натюрморт.</p>	12					Тәжірибелік		

		сызатын қалам, өшіргіш, гельді ручка, резак, 40-50 планшет. т.б. Тәжірибелік сабақ:	КОНСТРУКЦИЯЛЫ СУРЕТ.							
7		Мақсаты: Форматтың композициялық шешімі, конструктивті талдау, пропорционалды қатынасты беру, форманы конструкциялы сызық арқылы талдау. Керекті құрал жабдықтар. Қағаз А3. ватман, В3. В5. В7. жұмсақ сызатын қалам, өшіргіш, гельді ручка, резак, 40-50 планшет. т.б. Тәжірибелік сабақ:	1.6 -тақырып. Әртүрлі формадағы натюрморт. КОНСТРУКЦИЯЛЫ СУРЕТ	12					Тәжірибелік	
2-курс 3-семестр										
8		Сурет	3 -бөлім. Адам анатомиясын, бас сүйек, қаңқаны гипстен салу. Тірі модель басының суреті.	Берілгені 48 сағат						
9	ОН 1.2. Пішіндерді конструктивті құру және модельдеу әдістерін қолдану.	Мақсаты: Екі түрлі ракурстағы гипс адам басының суретін конструкциясын құрылысын пропорциясын планшетте дұрыс орналастыра конструкциясын құрылысын сала білу. Керекті құрал жабдықтар. Қағаз А3. ватман, В3. В5. В7. жұмсақ қалам, өшіргіш, гельді ручка, резак, планшет. т.б. қажетті заттар. Тәжірибелік сабақ:	2.1 -тақырып. Гипс бас бедері. (Обрубок) КОНСТРУКЦИЯЛЫ СУРЕТ	12					Тәжірибелік	
10		Мақсаты: Екі түрлі ракурстағы Адам басының суретін конструкциясын құрылысын пропорциясын планшетте дұрыс орналастыра конструкциясын құрылысын сала білу. Керекті құрал жабдықтар. Қағаз А3. ватман, В3. В5. В7. жұмсақ	2.2 -тақырып. Адам басының әр түрлі ракурстағы суреті (портрет). КОНСТРУКЦИЯЛЫ СУРЕТ	18					Тәжірибелік	

		сызатын қалам, өшіргіш, гельді ручка, резак, 40-50 планшет. т.б. Тәжірибелік сабақ:								
11		Мақсаты: Ракурстағы гипс адам басының суретін конструкциясын құрылысын өлшеп пропорциясын планшетте дұрыс орналастыра конструкциялық құрылысын таба білу. Керекті құрал жабдықтар. Қағаз А3. ватман, В3. В5. В7. жұмсақ сызатын қалам, өшіргіш, гельді ручка, резак, 40-50 планшет. т.б. Тәжірибелік сабақ:	2.3 -тақырып. Курстық тапсырмасын көру. Антикалық гипстік бастың суреті КОНСТРУКЦИЯЛЫ СУРЕТ	18					Тәжірибелік	
2-курс 4-семестр										
		Сурет	4 -бөлім. Адам фигурасымен танысу. Дене бөліктері.	Берілгені 96 сағат						
12		Мақсаты: Гипс адам денесінің суретін конструкциясын құрылысын өлшеп пропорциясын планшетте дұрыс орналастыра конструкциялық құрылысын таба сала білу. Дене анатомиясын анықтап көрсету білу. Керекті құрал жабдықтар. Қағаз А3. ватман, В3. В5. В7. жұмсақ сызатын қалам, өшіргіш, гельді ручка, резак, 40-50 планшет. т.б. Тәжірибелік сабақ:	2.4 -тақырып. Конструктивтік гипстік Торс.	18					Тәжірибелік	
13		Масаты: Адам басының суретін конструкциясын құрылысын өлшеп пропорциясын планшетте дұрыс орналастыра конструкциялық құрылысын таба сала білу. Бет анатомиясын, черепін анықтап көрсете сездіре сала білу.	2.5 -тақырып. Адам басының конструктивтік сызықтық суретін салу.-	18					Тәжірибелік	

	<p>Керекті құрал жабдықтар. Қағаз А3. ватман, В3. В5. В7. жұмсақ сызатын қалам, өшіргіш, гельді ручка, резак, 40-50 планшет. т.б.</p> <p>Тәжірибелік сабақ:</p>								
14	<p>Мақсаты: Адам басының суретін конструкциясын құрылысын өлшеп пропорциясын планшетте дұрыс орналастыра конструкциялық құрылысын таба, сала білу. Бет анатомиясын, черепін анықтап көрсете сездіре сала білу.</p> <p>Керекті құрал жабдықтар. Қағаз А3. ватман, В3. В5. В7. жұмсақ сызатын қалам, өшіргіш, гельді ручка, резак, 40-50 планшет. т.б.</p> <p>Тәжірибелік сабақ:</p>	<p>2.6 -тақырып.</p> <p>Адам басын иығы мен конструктивтік сызықтық суретін салу,</p>	18					Тәжірибелік	
15	<p>Мақсаты: Әр түрлі ракурстағы адам басының суреті, композициялық шешімі, басты конструктивтік талдау, форманы талдау, бет бөлшектерінің өзара байланысы, бет бұлшық еттерінің пластикасық сипаттамасын салу, анатомиялық құрылысын анықтау. Аздап жарық пен көлеңкесін штрихтау.</p> <p>Керекті құрал жабдықтар. Қағаз А3. ватман, В3. В5. В7. жұмсақ сызатын қалам, өшіргіш, гельді ручка, резак, 40-50 планшет. т.б.</p> <p>Тәжірибелік сабақ: .</p>	<p>2.7 -тақырып.</p> <p>Адам басының ракурстағы конструктивтік сызықтық суретін салу, көлемді бейнелеу.</p>	18					Тәжірибелік	
ІІІ. Анатомия									
16	<p>Мақсаты: -Дененің анатомиялық құрылымымен танысу (адам қанқасы, бұлшық еттері) -Сыртқы дене пішінінің бір қалыпты жағдайдағы, қозғалыстағы кезін талқылау, анықтау.</p>	<p>2.8-тақырып.</p> <p>Кіріспе. Пластикалық анатомия пәніне кіріспе.</p>	2			2		Теориялық	

	<p>-пропорция немесе адам дене бөліктерінің қарым-қатынасы туралы оқып-үйрену.</p> <p>-теориялық оқу және оны практикада қолдау, кенең, сатылы түрде жоспарлау.-қанқа негізінде қурастыру және бұлшық еттерді талдау, суретті қисынды қорытындыға жеткізу.</p> <p>-Пластикалық анатомияның даму тарихы.</p> <p>-Адам денесінің сыртқы формаларын зерттеу үшін пластикалық анатомияның маңызы.</p> <p>-Адам денесінің пропорциялары туралы жалпы түсінік.</p> <p>-Адам денесінің пропорцияларындағы жыныстық және жас ерекшеліктері.</p> <p>-Адам денесінің асимметриясы.</p>								
17	<p>Мақсаты:</p> <p>-Қаңқа туралы жалпы түсінік.</p> <p>- Дене қаңқасы</p> <p>- Буындар. Буындар мен тұтасу, қозғалыс және дене пластикасы.</p> <p>-Омыртқа бағанасы.</p> <p>-Кеуде құысы.</p> <p>-Жасына байланысты пропорция</p> <p>-Әйел және ер пішінінің ерекшеліктері</p> <p>-Дене мүшелерінің түрлі өлшемдері және өзара байланысы</p>	<p>2.9-тақырып. Дене (торс) қаңқасының құрылымының жалпы принциптері.</p>	4					Теория және тәжірибелік	
18	<p>Мақсаты:</p> <p>-Адамның басының пластикалық анатомиясы</p> <p>-Адам басының сүйек жүйесі</p> <p>-Жас ерекшеліктері, бас сүйек түрлері, тістер.</p> <p>-Пластика, бастың құрылымы мен қозғалысы.</p>	<p>2.10-тақырып. Бас сүйектері.</p>	4						

	- Бас сүйегінің бөлімдері. -Бас сүйектерінің қосылуы. -Бас пропорциясы								
19	Мақсаты: -Қолдардың сүйектері.	2.11 -тақырып. Жоғарғы сүйектері белдеуі.	2					Теория және тәжірибелік	
20	Мақсаты: - Аяқтың сүйектері.	2.12 -тақырып Төменгі аяқ белдеуі.	2					Теория және тәжірибелік	
21	Мақсаты: -Дене мүшелерінде бұлшық еттердің бөлшектерін талдау және құрастыру -Дене бұлшық еттерінің өзара үйлесімі, оның пластикасы мен құрылымы -Адам денесінің құрылымдық байланысын талдау -Тұрған пішіннің қаңқалық байланысын талдау және қаңқа негіздегі көлемдік құрылымын бейнелеу -Адам денесінің динамикасы мен статикасы -Дененің тепе-теңдік шарты -Бір орында тұру және қимылдау - Контропост және ауырлық орталығы -Өлшем, бойы және адам денесінің пропорциясы	2.13 -тақырып. Бұлшықеттер туралы жалпы түсінік.	2					Теория	
22	Мақсаты: -Дене белдеуде орналасқан бұлшықеттер.	1.7 -тақырып. Дене бұлшықеттер (торс) құрылымы.	2					Теория және тәжірибелік	
23	Мақсаты: - Жоғарғы бет белдеуде орналасқан бұлшықеттер - Орта бет белдеуде орналасқан бұлшықеттер - Төменгі бет белдеуде орналасқан бұлшықеттер - Мимикалық бұлшықеттер. -Шайнайтын бұлшықеттер.	1.8 -тақырып. Бет бұлшықеттер.	2					Теория және тәжірибелік	

		-Мойын бұлшықеттер.							
24		Мақсаты: -Жамбас бұлшық еттері. - Аяқтың бұлшықеттері.	1.9-тақырып. Төменгі белдеуде орналасқан бұлшықеттер.	2					Теория және тәжірибелік
25		Мақсаты: -Иық белдеуінің бұлшықеттері. - Қол бұлшықеттері.	2.1.-тақырып. Жоғарғы белдеуде орналасқан бұлшықеттер.	2					Теория және тәжірибелік
2-курс 4-семестр									
26	ОН 1.3 Графикалық құралдарды қолдана отырып сурет салу.	Сурет	5 бөлім. Адам фигурасының әртүрлі дене бөліктерін оқып үйрену.	Берілгені 144сағат					
27		Мақсаты: Адам қаңасының суретін конструкциясын құрылысын өлшеп пропорциясын таба, планшетте дұрыс орналастыра конструкциялық құрылысын таба сала білу. Керекті құрал жабдықтар. Қағаз А3. ватман, В3. В5. В7. жұмсақ сызатын қалам, өшіргіш, гельді ручка, резак, 40-50 планшет. т.б. Тәжірибелік сабақ:	1 тақырып Анатомиялық адам қаңқасы (скелет)	24					Тәжірибелік
28		Мақсаты: Анатомиялық гипсті конструкциялық сызықтар арқылы талдау, пропорциясын анықтау, формаларды талдау, бұлшық еттерін анықтау. Аздап жарық көлеңкеде шығару, моделдеуді бере білу, материалдықты көрсету... Керекті құрал жабдықтар. ватман, В3. В5. В7. жұмсақ сызатын қалам, өшіргіш, гельді ручка, резак, 40-50 планшет. т.б. Тәжірибелік сабақ:	2 тақырып Анатомиялық гипс.	24					Тәжірибелік

29		<p>Мақсаты: Адам тұлғасының киімдегі денесін конструкциялы сызықты суретпен пропорциясын анықтап сала білу. 50x70 форматта ұзақ мерзімде күрделі конструкциялы сызықтық сурет салу.</p> <p>Керекті құрал жабдықтар. ватман, В3. В5. В7. жұмсақ сызатын қалам, өшіргіш, гельді ручка, резак, 40-50 планшет. т.б.</p> <p>Тәжірибелік сабақ:</p>	<p>3 тақырып</p> <p>Ер немесе әйел адамның киімдегі толық тұлғасы. КОНСТРУКЦИЯЛЫ СУРЕТ</p>	24				Тәжірибелік	
30		<p>Мақсаты: А 2. Форматта планшетте композициялық шешімін дұрыс орналастыру, қағазда тұлғаның динамикасын іздеу, сызықтық – конструктивтік талдау, перспективасын, ішкі сүйек құрылысын анықтау, жарық пен көлеңкеде модельдеу.</p> <p>Керекті құрал жабдықтар. Қағаз А3. ватман, В3. В5. В7. жұмсақ сызатын қалам, өшіргіш, гельді ручка, резак, 50x80 планшет. т.б.</p> <p>Тәжірибелік сабақ:</p>	<p>4 тақырып.</p> <p>Ер немесе әйел адамның жартылай жалаңаш фигурасы.</p>	24				Тәжірибелік	
31		<p>Мақсаты: А 2. Форматта планшетте композициялық шешімін дұрыс орналастыру, қағазда тұлғаның динамикасын іздеу, сызықтық – конструктивтік талдау, перспективасын, ішкі сүйек құрылысын анықтау, жарық пен көлеңкеде модельдеу.</p> <p>Керекті құрал жабдықтар. Қағаз А3. ватман, В3. В5. В7. жұмсақ сызатын қалам, өшіргіш, гельді ручка, резак, 40-50 планшет. т.б.</p> <p>Тәжірибелік сабақ:</p>	<p>5 тақырып</p> <p>Ер немесе әйел адамның толық жалаңаш тұлғасы.</p>	24					

32		<p>Мақсаты: А 2. Форматта планшетте композициялық шешімін дұрыс орналастыру, қағазда тұлғаның динамикасын іздеу, сызықтық – конструктивтік талдау, перспективасын, ішкі сүйек құрылысын анықтау, жарық пен көлеңкеде модельдеу.</p> <p>Керекті құрал жабдықтар. Қағаз А3. ватман, В3. В5. В7. жұмсақ сызатын қалам, өшіргіш, гельді ручка, резак, 40-50 планшет. т.б.</p> <p>Тәжірибелік сабақ:</p>	6 тақырып Интерьердегі толық жалаңаш тұлға.	24						
33		Жалпы барлық сағат		360 сағат						